

**8D015 -Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау  
(6D011300/8D01513 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу  
үшін ұсынылған Нургалиева Айман Калидуллаевнаның  
«Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді  
практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы  
диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Нургалиева Айман Калидуллаевнаның «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары басшылыққа алумен сипатталады.  ҚР-ның Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары «Сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Болашақ мамандардың, соның ішінде бүгінгі педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибелі, кәсіби дағдысы қалыптасқан білімді де білікті болуы қажеттілігіне мән берілген» -деп атап өтті. Болашақ маманның университет қабырғасында меңгерген білімі, іскерлік кәсіби дағдысы заман талабына қаншалықты сай келсе, соншалықты деңгейде кәсіби қызмет атқаруға дайын болады. Осы тұрғыдан алғанда докторант Нургалиева Айман Калидуллаевнаның «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-

			әдістемелік негіздері» тақырыбындағы (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін даярланған докторлық диссертациясы бүгінгі әлеуметтік тапсырысқа сәйкес мамандарды даярлауда өзекті болып табылады.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторант Нургалиева Айман Калидуллаевнаның «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылған. Ол теориялық - әдістемелік бекітілуімен педагогикалық әдістемелік талдап қорытуымен, педагогикалық практикаға бағыттап оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері, практика туралы философиялық, педагогикалық білім, маманның кәсіби қалыптасуындағы мүмкіндіктері туралы, сапаларын дамытудың өзара байланысын көрсете білген.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу барысында докторант зерттеушілік қасиеттерін, мәселені, ақпарат көздерін және оны талдай алу әдістерін анықтай алатындығын, ғылыми негізделген қорытындыларды талдай жасай алатындығын, зерттеу қызметінің логикасын құра алатындығын және ғылыми нәтижеге қол жеткізуді камтамасыз ете алатындығын көрсетті. Сонымен қатар, жұмыстың шынайылығы тексеріліп, қажетті анықтама арқылы дәлелденген.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Бүгінгі таңда мемлекетіміз жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінің сүбелі тұсынан орын алып, жол бастауға қабілетті, дарынды, білімді мамандар тәрбиелеп

			<p>шығару міндетін қойып отыр. Білім беру мазмұнының жаңару жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктігін арттыру арқылы жоғары сапа мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізе отырып, кәсіби дамуын қамтамасыз ету мәселелері басым бағыт болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде бүгінгі күні педагогикалық, биологиялық білім беру саласының өзекті мәселесінің бірі болып саналады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  <u>1) айқындайды;</u>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияны талдау барысында, жұмыстың мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Диссертация жұмысының мазмұны логикалық “бірізді қарастырылған. Зерттеудің ғылыми аппараты толығымен негізделген, жүргізілген ғылыми жұмыстың кезеңдері айқындалған, зерттеу нәтижелерін апробациялау және енізу туралы мәліметтерді қамтиды. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <u>1) сәйкес келеді;</u>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған, диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеудің мақсаты: Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында студенттерді практикаға бағыттап оқытудың теориялық негіздерін нақтылау және әдістемесін жасау.</p> <p>Зерттеудің міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың теориялық негізін айқындау;</li> <li>-ЖОО-да биолог студенттерді педагогикалық практикаға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;</li> <li>-биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың</li> </ul>

			оңтайландырылған оқу-әдістемесін дайындау; -биолог студенттерді педагогикалық практикаға дайындау әдістемесін тәжірибелік-эксперимент арқылы тиімділігін анықтау және оқу процесінде пайдалану.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен, бірізділігімен толық байланысқан. Алынған нәтижелер диссертацияның міндеттерінен туындайды. 2 тараудың мазмұны мен құрылымында ішкі идея мен дәйектілік сақталады. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлік негізінде орындалды. Алынған нәтижелер қойылған болжамды растайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Докторант алған жаңа нәтижелер осы уақытқа дейін орындалған ғылыми жұмыстардың сараланған сыни тұрғыдан талдау арқылы дәлелденіп, диссертациялық зерттеу жұмысының ішкі бірлігі сақталған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа. <i>Бірінші нәтиженің жаңалығы</i> - биолог-студенттерді практикаға бағытталған оқытудың теориялық негіздері анықталған; <i>Екінші нәтиженің жаңалығы</i> - биолог-студенттердің педагогикалық тәжірибеге бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалғандығы; <i>Үшінші нәтиженің жаңалығы</i> - биолог-студенттерді педагогикалық практикаға дейін және сол кезеңде оқыту бойынша оңтайландырылған оқу-әдістеме әзірленгендігі; <i>Төртінші нәтиженің жаңалығы</i> -биолог-студенттерді педагогикалық практикаға дайындау әдістемесі

			анықталды және оқу процесінде пайдаланылған.
		<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері маңызды. Өйткені, мұнда бүгінгі қоғам талабына сәйкес болашақ биолог-студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-теориялық тиімділігі зерделенген. «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертация жұмысының тақырыбы бәсекеге қабілетті заманауи білім жүйесінің талаптарына жауап береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық тұжырымдары ғылыми тұрғыдан кең көлемде негізделген. Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен ұсынымдары, негізгі ережелері мен ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен арнайы ғылыми басылымдарда көрсетілген, барлығы 21 ғылыми жұмыс, оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда-6, Scopus деректер базасында-1, шетелдік ғылыми басылымдарда-2, ғылыми басылымда-1, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында-10 (оның ішінде шетелдік конференцияларда - 4). Оқу-әдістемелік нұсқаулық -1.</p>

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылатын ережелер дәлелденген және негізделген.</p> <p>7.1. Барлық негізгі қағидаттар дәлелденген</p> <p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Ия</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Өдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Өдістеменің таңдауы – негізделген. Жұмыстың негізділігі мен шынайылығы докторанттың әртүрлі әдістер мен тәсілдерді кеңінен пайдалануы арқылы дәлелденген және оның сипаттамасы теориялық негіздері туралы диссертация жұмысында жеткілікті түрде жан-жақты көрсетілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың эксперименттік бөлімінде ұсынылған нәтижелер компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып алынды. Докторант зерттеу есептерін шешудің эмпирикалық әдістерін және зерттеу нәтижелерін өңдеу әдістерін қолданған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Экспериментке Абай атындағы ҚазҰҚПУ-дың 3-4 курстың 110 студенті және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 76 (барлығы - 186 студент, оның ішінде 102-эксперименттік топ, 84- бақылау тобы) қатысқан. Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыс</p>

			нәтижелері оң динамикасын көрсетті.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды тұжырымдар білім беру саласындағы бірқатар нормативтік құжаттарда, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, сөздіктері бар анықтамаларда және нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелерде расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Әдебиеттер тізімі отандық және шетелдік ғалымдардың 125 дереккөзінен тұрады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Докторант өзінің зерттеуге алған тақырып аясында зерттеу мәселесінің теориялық-әдістемелік аспектілерін айқындау мақсатында отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, зерттеулеріне жан-жақты талдау жасай алған. Биолог-студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-теориялық ролін айқындап оны жүйелеген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу барысында алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Докторанттың «Педагогикалық практика өткізуге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулық («Биология» профилі бойынша)» оқу-әдістемелік нұсқаулығы педагогикалық практиканың бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуге арналған. Студенттердің көп деңгейлі дайындық жағдайында педагогикалық практиканы ұйымдастыру, өткізу тәжірибелері, бақылау-өлшеу материалдары, бағалау және қорытындылау мәселелері практикаға бағыттала құрылғандығының нәтижесі деп нақты айта аламыз.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Педагогикалық практиканы ұйымдастыру және жетілдіру бойынша практикалық

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	ұсыныстар жаңа болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<u>Академиялық жазу сапасы:</u> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Академиялық жазу сапасы-жоғары. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді

**Шешімі:** Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, Нургалиева Айман Калидуллаевнаың «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы жағынан ҚР БҒМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес келетін, аяқталған жұмыс деп есептеймін. Докторант Нургалиева Айман Калидуллаевнаға 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент,**  
**«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ**  
**Жаратылыстану институты, биология кафедрасының**  
**Қауымдастырылған профессоры м.а., PhD**



19 тамыз, 2022 жыл